

**«ELORDA JASTARY»**  
**бағдарламасы**

«ELORDA JASTARY» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жастардың қажеттіліктері негізінде, Нұр-Сұлтан қаласының 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама «Жастар жылы» мен «Волонтерлар жылы» аралығында Елбасының және Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік жастар саясатын (бұдан әрі – МЖС) жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын, жастар өкілдерінің бастамалары мен ұсыныстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған құжат.

Бағдарлама жобасын дайындау барысында қала басшылығының қатысуымен 12 оффлайн және онлайн кездесулер өткізілді. Сондай-ақ, Google-да жүргізілген сауалнамадан жастар үкіметтік емес ұйымдары, студенттер қауымдастықтарының өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшылары, волонтерлар ұйымдарының жетекшілері, жас кәсіпкерлер, спорттың ең табысты өкілдері, белсенді азаматтық ұстанымы бар жастар, сарапшылар, интернет қолданушыларынан 3000-нан астам ұсыныстар келіп түсті.

Бағдарламаның басты мақсаты – **Елордалық жастарды және еліміздің түкпір-түкпірінен асқақ арман алға жетелеп, білім мен ғылым іздеген, өз өмірін елордамен байланыстырғысы келген жастарды жан-жақты қолдау.**

Бағдарламаның басымдылығы - **Елорданың белсенді жастарымен ынтымақтастықта барлық мемлекеттік органдардың, жастар саясатына қызуғушылық танытқан ұйымдардың жұмысын үйлестіруді жүйелі түрде күшейту.**

Еліміздің бүгінгі жас азаматтары Қазақстанның жаңа келбетін қалыптастыруда. Бағдарламада жастарды әлеуметтендірудің және патриотизм, халықтың бірлігі, толеранттылық, заңға бағыну, білім, еңбексүйгіштік, ғылым және инновация, отбасы, денсаулық сақтау және спорт, позитивті мақсат-мұраттар, жаңа экологиялық этика сияқты құндылықтар негізінде қоғамдық-саяси өмірге араласуының позициясы айқындалған.

Бағдарламаның міндеті – жас Елордалықтардың өздерінің білімі, еңбектері мен ақыл-қайраттарына деген сенімділікке ие болуына, жасырын әлеуеттерін ашуына бар жағдайларды жасау. Бағдарлама түйіні – жастардың сәтті әлеуметтенуін қамтамасыз ете отырып мемлекетіміздің одан әрі қарай дамуына жастардың әлеуетін бағыттау.

## БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

<b>Бағдарлама атауы</b>	2021-2023 жылдарға арналған «Elorda Jastary» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама).
<b>Іске асыру мерзімі</b>	2021-2023 жылдар аралығы.
<b>Негізгі әзірлеуші</b>	«Нұр-Сұлтан қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ.
<b>Мақсаты</b>	Жастардың әлеуетін іске асыру және дамыту үшін жағдай жасау. Қаланың инновациялық түрленуінде, қоғамдық өмірдің барлық салаларында жастардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру.
<b>Іске асыру бағыттары</b>	Бағдарламаны іске асыру 4 негізгі бағыттан тұрады: 1. Сапалы және қол жетімді білім; 2. Кәсіптік бағдар, жұмыспен қамту және жастар кәсіпкерлігі; 3. Баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларға қолдау көрсету; 4. Денсаулық және бос уақытты ұйымдастыру.
<b>Алға қойылған міндеттер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Сапалы білім алуды қамтамасыз ету. Үздіксіз кәсіптік білім алуға жастарды тарту;</li> <li>– Жастардың шығармашылығын, бастамашыл және көшбасшылық қасиеттерін анықтау және қолдау;</li> <li>– Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және жастардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;</li> <li>– Жастардың инновациялық және кәсіпкерлік белсенділігін қолдау;</li> <li>– Жастардың баспана мәселелерін шешуге көмек көрсету;</li> <li>– Жас отбасыларға қолдау көрсету;</li> <li>– Жастар саясаты саласындағы тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;</li> <li>– Жастарды әлеуметтік бейімдеу жүйесін дамыту;</li> <li>– Қалалық жастар саясатын жүзеге асыруға азаматтық секторды және іскерлік ортаны жұмылдыру;</li> <li>– Бос уақытын тиімді әрі белсенді ұйымдастыратын, салауатты өмір салтын ұстанатын және спортпен шұғылданатын жастар санын арттыру;</li> <li>– Патриотизм, білім, адамгершілік, отбасы, халықтың бірлігі, заңдылық, еңбексүйгіштік, денсаулық</li> </ul>

	құндылықтары негізінде жастардың дүниетанымын қалыптастыру.
<b>Іске асыру механизмі</b>	Бағдарламаны іске асыру механизмі жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік жастар саясатына қызығушылық танытқан ұйымдардың және жастар өкілдерінің өзара тығыз әрекеттесуіне негізделген. Мемлекеттік органдардың Елорда жастарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асырудағы қызметін тиімді үйлестіру. Елордалық жастардың барлық санатының рухани, мәдени, физикалық, шығармашылық және кәсіби қалыптасуына ықпал ету. Жастарды шешім қабылдау процесстеріне тікелей қатыстыра отырып табысты әлеуметтендіру және әлеуетін мемлекеттің дамуы үрдісіне бағыттау.
<b>Күтілетін нәтижелер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Жұмысшы жастар үшін бөлінген жалға берілетін тұрғын үй санының өсуі;</li> <li>– Сұранысқа ие мамандықтар бойынша түсетін түлектер санының өсуі;</li> <li>– Білім гранттарының санының артуы;</li> <li>– Жастардың денсаулық орталықтарының санын өсуі;</li> <li>– Спорттық нысандардың қол жетімділігін арттыру;</li> <li>– Аула клубтарының желісін көбеюі;</li> <li>– Спортпен айналысатын жастардың санын өсуі;</li> <li>– Қаладағы кітапханалар санының артуы;</li> <li>– Шығармашыл жастар санының көбеюі;</li> <li>– Әскери-патриоттық қозғалыстарға тартылатын жастардың артуы;</li> <li>– Жастар сарайының ашылуы;</li> <li>– Спорттық-сауықтыру орталықтарының ашылуы;</li> <li>– Ақысыз коворкинг орталығының ашылуы;</li> <li>– Құзыреттілік орталықтарының ашылуы;</li> <li>– Студенттер жатақханасындағы орындардың көбеюі;</li> <li>– Баспана мәселесін азайту;</li> <li>– Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендеуі;</li> <li>– Жастар арасындағы суицидтің төмендеуі;</li> <li>– NEET жастар үлесінің төмендеуі;</li> <li>– Маргиналды жастар санының төмендеуі;</li> <li>– Қосымша және дуальды білім берудің дамуы;</li> <li>– WorldSkills стандарттарының жүзеге асырылуы;</li> <li>– Еңбек және кәсіпкерлік қызметтің дамуы;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Волонтерлар қызметінің дамуы;</li> <li>– Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің дамуы;</li> <li>– Жастар ҮЕҰ қызметінің дамуы;</li> <li>– Өкілдік органдардағы жастар үшін 20% квотаның орындалуы;</li> <li>– Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жастардың қанағаттану деңгейін артуы;</li> <li>– Жастардың патриотизм деңгейінің артуы;</li> <li>– Мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы туралы жастардың кеңінен ақпарат алуын қамтамасыз ету.</li> </ul>
<b>Қажетті ресурстар</b>	<p>Бағдарламаны іске асыру үшін бюджеттік және жеке қаржылық ресурстар шоғырландырылатын болады. Бюджеттік қаражат бірінші кезекте әлеуметтік міндеттерді қаржыландыруға, инфрақұрылымды дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдау шараларына бағытталатын болады. Жергілікті және республикалық бюджеттің шығындарынан басқа, жеке инвестицияларды тарту қажеттілігі туындайды. Ол үшін мемлекеттік-жекеменшік серіктестік (бұдан әрі – МЖӨ) тетіктерін белсенді түрде қолдану жоспарланған. МЖӨ шеңберіндегі қаражат ең алдымен жобалық қаржыландыруға бағытталатын болады.</p> <p>Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады.</p>
<b>Бағдарламаның орындалуын бақылау</b>	«Нұр-Сұлтан қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ

## **КІРІСПЕ**

Жастар – халықтың әлеуметтік мәртебесінің жас ерекшеліктеріне, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметіне, нақты қызығушылықтары мен құндылықтарына байланысты ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық белсенді топ. Қоғамдық қатынастардың қалыптасып келе жатқан субъектісі ретінде жастар өздерінің мәртебесі мен мотивтерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, құндылықтарын, көзқарастарын, идеалдарын қалыптастыру сатысында. Бұл олардың мәртебесінің, санасының және белсенділігінің ерекшеліктерін анықтайды.

Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде құрамы бойынша гетерогенді. Онда бірнеше санаттарға бөлінеді: жасына, жынысына, қызмет түрлеріне, әртүрлі әлеуметтік құрылымдарға (экономикалық, кәсіби, қоғамдық-

саяси және т.б.) қатысуы, тұрғылықты жері және т.б. Тиісінше, әр санаттағы жастардың позициясы, олардың қажеттіліктері, қызығушылықтары, құндылықтары сан алуан.

Жастардың айрықша әлеуметтік құндылығы (ерекшелігі) қоғамның барлық қатынастар жүйесін өзіне қабылдау және мұрагерлік жолмен кейінгі ұрпаққа жеткізу қабілетінде. Жастар өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тануға деген ұмтылыстарын жүзеге асыра отырып, объективті түрде елдің сақталуы мен дамуының, оның тарихи-мәдени мұраларын молайтудың және жаңа қызмет тәсілдерін игерудің басты факторына айналады.

Қоғамның қарқынды және прогрессивті дамуы үшін маңызды әлеуметтік әлеуетке ие жастар мемлекет тарапынан ерекше назар аудартады. Жас азаматтардың дамуы мен өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасаулары, қоғамға ойдағыдай енуіне және елдің өміріндегі субъективті рөлін арттыруға, өз әлеуеттерін ашуға деген құлшыныстары объективті түрде елдің сақталуы мен дамуының, оның тарихи-мәдени мұраларын молайтудың және қызметтің жаңа тәсілдерін игерудің басты факторына айналуға.


Жастардың әртүрлі топтары өзіндік қалыптасу процесінде көптеген қайшылықтарға тап болады. Кейбір қайшылықтарды олар өз бетінше шеше алады. Ал енді бір санаттағылар әлеуметтік институттардың тиімсіз жұмыс салдарынан өз бетінше шешуге қауқарсыз, сондықтан олардың мәселелері мемлекет атынан әрекет ететін қоғамдық құрылымдардың көмегімен ғана шешіледі.

Жаһандық әлемдегі қарқынды әлеуметтік өзгерістердің бір бөлігі болып табылатын қазақстандық қоғамның жағдайында жастардың қалыптасуындағы мемлекеттің рөлі ерекше мәнге ие. Осыған байланысты жастардың инновациялық әлеуетін ашып көрсету үшін жағдай жасау, олардың Қазақстанның, өзінің және олардың отбасыларының игілігі үшін шығармашылық қызметке белсенді араласуға дайын болуы, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру және олардың мәдени бірегейлігін сақтау қажет.

Сондықтан МЖС-ның заманауи парадигмасы жастарды оны қалыптастыру мен жүзеге асырудың қатысушысы ретінде тануға негізделген, олардың дамуы мен өзін-өзі дамыту процесінде жастармен серіктестік қатынастарды дамытуға бағытталған.

## **ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ**

Нұр-Сұлтан қаласы – бұл Қазақстанның ірі аймақтарының бірі, оның астаналық мәртебесі елдің басқа аймақтарынан қалаға көптеген мигранттарды қабылдауда. Сонымен қатар, елдің әкімшілік, экономикалық орталығы ретінде, беделді оқу орындарының шоғырлануына байланысты өзге өңірлерден ең өршіл, ынталы жастардың орталығына айналуға. Елордаға қоныс аударатындардың дені 30 жасқа дейінгі жастар.



Статистика департаментінің мәліметтері бойынша (2020 жылдың басындағы мәлімет) Нұр-Сұлтан қаласында 14-тен 35 жасқа дейінгі **391 884** азамат тұрады, бұл қала халқының жалпы санының **34,5%** құрайды.

Елордада жастардың әртүрлі қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көптеген жағдайлар жасалған. Жаңа мемлекеттік бағдарламалар, заманауи балабақшалар, мектептер, колледждер мен университеттер мансаптық өсудің табысты кепілі бола алады, сондықтан Нұр-Сұлтан – жастардың назарын аудартатын орталық. Жастардың Елордаға қоныс аударуы жыл сайын **15-25 мың адамға** өсіп отыр.

Жастар жұмыс тәжірибесі мен арнайы тәжірибе мен еңбек өтілуінің болмауына байланысты жұмыс берушілердің талабына сәйкес келе бермейді, сол себепті көп жағдайда жұмысқа орналасуда талаптары сәтсіз аяқталып жатады. Бұл мәселе ең алдымен, 16 мен 24 жас аралығындағы жұмыс тәжірибесі жоқ білім беру ұйымдарының түлектеріне қатысты және өзекті болып табылады.

Елорданың жұмысшы жастары *(экономикалық белсенді 15-28 жас)* шамамен **133 мың адамды** құрайды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар - **18,1 мың**. 2020 жылғы 3-ші тоқсандағы жағдай бойынша жастардың жұмыссыздық деңгейі - 4,6%, NEET жастарының үлесі *(жұмыс істемейтін (жұмыссыз немесе жұмыспен қамтылмаған) және оқымайтын жастардың жалпы санынан%)* **7%** құрайды.

Жұмыспен қамту проблемасы көбінесе еңбек нарығындағы ұсыныстардың жастардың үмітімен сәйкес келмеуінде жатыр. Жастар үшін имидж, бедел және жоғары жалақы мәселесі өзекті болып табылады. Жұмысшы мамандықтар бойынша бос орындарға қызығушылықтар төмен деңгейде.

Қажетті біліктілік пен тәжірибенің жетіспеушілігі, нашар білім мен коммуникация құра білмеу де тез жетістікке жетуге кедергі болып табылады.

Жастардың әлеуметтік интеграциясы мен өзін-өзі реттеу саласында жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға жастар ұйымдарын тарта отырып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тиімді механизм жұмыс істейді.

Жастардың ҮЕҰ-ы әлеуметтік-мәдени, түсіндірме, ақпараттық-насихаттық және басқа бағыттар бойынша қызметтер мен іс-шараларды жүзеге асыруда.

Қалада жастар саясатының кеңейтілген инфрақұрылымдары бар. Мемлекеттік жастар саясатын Нұр-Сұлтан қаласының жастар саясаты

мәселелері басқармасы (бұдан әрі - Басқарма), Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы жүзеге асырады. Жоғары оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқару жүйесін біріктіретін «NS 16» алаңының белсенділігі артуды. Волонтерлар желісі жеткілікті дамыған.

Қалада әртүрлі бағыттағы 50-ге жуық жастар ұйымдары белсенді жұмыс істейді. Басқармамен әріптестікте және қалада белсенді жастар ұйымдары қатарында «Жас Отан» жастар қанаты, «Қазақстанның жастар конгресі»ЗТБ, «Болашақ» стипендиаттары қауымдастығы, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдердің бірыңғай ұйымы, «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы» ЖК, «Республикалық студенттік құрылыс және еңбек жасақтары штабы» қоғамдық қоры «Қазақстан КВН Одағы» ЗТБ, «Қазақстан студенттерінің Альянсы» ҚБ, «ZhasStar» жастар саясатының орталығы» ҚҚ, «Жастардың әлеуметтік және тұрақты даму қоры» ЖК, «SOS балалар үйі», «Қазақстан жастар конвенті» ЖК, «Jas Qadam» ҚҚ, «Жастар үні» ЖҚБ, «Право» ҚҚ және т.б. бар.

Мысалы, Басқарма мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 2017 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі аралықта жастар ұйымдарының қатысуымен 70-ке жуық мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобаларын жүзеге асырылды. Олардың қатарында «Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қызметін үйлестіру», «Жайдарман» қалалық чемпионатын өткізу, «Студенттік құқық қорғау жасақтарының жұмысын ұйымдастыру», қалалық жастар форумдарын өткізу, ұрпақтар сабақтастығы үшін іс-шаралар өткізу және жастарды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерді насихаттау «Жастар жалыны» шығармашылық фестивалі, рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы іс-шаралар, волонтерлық қызметті дамытуға бағытталған және т.б. жобалар бар.

Жастар ортасында болып жатқан процестерді талдау жастардың әлеуметтік әл-ауқатына да, жалпы қаладағы қоғамдық-саяси жағдайға да әсер ететін негізгі проблемалардың бар екендігін көрсетеді. Өзекті мәселелер қатарына:

- Жастар арасындағы жұмыссыздық;
- Қалаға жаңадан келгендер жастардың ортаға бейімделуіндегі қиындықтар;
- Студенттер үйінің жетіспеушілігі;
- Жас отбасылар үшін қол жетімді баспананың жетіспеушілігін жатқызуға болады.

Жергілікті билік органдарының, азаматтық қоғам институттарының, бизнес қауымдастықтардың, білім беру мекемелерінің, жастар ұйымдарының жас азаматтардың кәсіби және шығармашылық әлеуетін дамыту, олардың оң көзқарасын, инновациялық ойлауын қалыптастыру, жастар үшін тиімді «әлеуметтік лифттерді» құру, әлеуметтік құқықтары қамтамасыз ету, белсенді жас азаматтардың күш-жігерін мемлекеттік басқару процестеріне тарту стратегиялық міндет болып табылады.

Қазіргі кезде азаматтардың, оның ішінде жастардың жайлы өмірі мен жұмысына жағдай жасаудың негізгі мәселелері Нұр-Сұлтан қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы аясында шешілуде.



Бағдарламада жайлы және қауіпсіз қала; әлеуметтік бағдарланған қала; экономикалық тұрақты қала; бизнес және жеке капиталға арналған қала; интеграцияланған қала; белсенді азаматтар қаласы сияқты басым бағыттар қарастырылған.

### Нұр-Сұлтан қаласының жастар саясатына SWOT талдау

	Мықты жақтары "S" — STRENGTH	Әлсіз жақтары "W" — WEAKNESS
I Ш К І О Р Т А	<p>Жастарға арналған білім беру, мәдени-демалыс және спорттық инфрақұрылымы дамыған;</p> <p>Жастар саясатының құрылымы қалыптасқан (ЖСМБ, Әкімдік жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес, волонтерлар корпусы, жастар қоғамдық бірлестіктерінің желісі, студенттік өзін-өзі басқару «NS 16» алаңы);</p> <p>Студенттік және жастар ұйымдарының жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастығы орнатылған;</p> <p>Қалаға қосылған аумақтардың жас тұрғындарын әлеуметтік маңызы бар оқиғалармен және жобалармен қамту;</p> <p>Жұмыс берушілермен және рекрутингтік компаниялармен жұмыспен қамту мәселелері бойынша ынтымақтастық.</p>	<p>Жастармен жұмыс мәселелері бойынша қалалық басқармалар мен қызметтердің ведомствоаралық өзара әрекеттесуінің жеткіліксіздігі;</p> <p>Жастардың барлық санаттарын қамтитын жүйелі жұмыстың болмауы;</p> <p>Уәкілетті органның шектеулі ресурстары - Нұр-Сұлтан қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы және «Астана жастары» КММ;</p> <p>Қала жастары туралы ақпарат жинаудың тиімді жүйесінің болмауы;</p> <p>Жастар ұйымдарының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа тәуелділігі. Жастар саясаты саласындағы дамымаған мемлекеттік-жекеменшік серіктестігінің дамымаған;</p> <p>Жастар ҮЕҰ-ның материалдық-техникалық базасы, ұйымдастырушылық, әдістемелік және кадрлық жабдықталуының әлсіздігі;</p> <p>Қалаға жаңадан келгендердің ірі мегаполисте өмір сүру жағдайына бейімдеу жүйесі жеткіліксіз дамыған.</p>
	Мүмкіндіктер "O" — OPPORTUNITIES	ҚАУІП-ҚАТЕП "T" — THREATS
I Ш К І	<p>Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғары деңгейі;</p> <p>Жоғары және орта кәсіптік білім алу мүмкіндігі ретінде Елордадағы университеттер мен колледждердің шоғырлануы, оның ішінде шетелде білім алудың</p>	<p>Жастарды баспанамен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау бойынша жеткіліксіз тиімді нормативтік-құқықтық база;</p> <p>Жастар арасындағы жұмыссыздықтың өсуі;</p> <p>Жастар арасындағы құқықтық нигилизм</p>

О	мүмкіндігі;	және әлеуметтік агрессия, патерналистік сезімдер;
Р	Жастар бастамалары мен инновациялық қызметтің,	Әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын
Т	жұмыспен қамту және жастарды кәсіби қайта даярлауға	деструктивті күштердің (қылмыстық топтар, жалған діни ағымдар) және
А	мемлекеттік қолдау тетіктері;	Әлеуметтік идеялардың әсері, жас ұрпақты заңсыз әрекеттерге тарта отырып, психологияға, дүниетанымға, жастардың мінез-құлық императивтеріне әсер етуі;
	Қосымша және дуальды білім беруді дамыту;	Университеттер мен колледждердегі сыбайлас жемқорлық;
	Қалалық еңбек нарығының сыйымдылығы және қаладағы жұмыс күшіне деген сұраныс, әсіресе білікті мамандарға;	Студенттік жатақханалардың жетіспеушілігі, университеттер мен колледждер әкімшілігінің студенттер жатақханаларында тиісті бақылаудың болмауы;
	2050 жылға дейінгі Нұр-Сұлтан қаласының даму стратегиясы.	Жас отбасылардың көпшілігі үшін мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының қол жетімсіздігі.

Қазіргі кезде мемлекет пен қоғам жастарға қолдау көрсете отырып, шамадан тыс қамқоршылдықтан аулақ болу керек, бұл жастардың өмірден өз орнын өздігінен іздеу ынтасын төмендетуі мүмкін.

Осылайша, Бағдарламаның мақсаты – жастарды табысты әлеуметтендіруге, олардың әлеуетін қаланың және елдің одан әрі дамуына бағыттауға негізделген мемлекеттік жастар саясатының тиімді моделін қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама демалыс, әлеуметтік-ағарту, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысы және т.б. саласындағы Нұр-Сұлтан қаласының атқарушы билік пен жергілікті өзін-өзі басқару саласына берілген жеке өкілеттіктерін жүзеге асыру бойынша өзара іс-қимылын жетілдіруді көздейді.

#### **Бағдарламада мемлекеттік жастар саясатын дамытудың негізгі 4 бағыты анықталған:**

- 1. Сапалы және қол жетімді білім;*
- 2. Кәсіптік бағдар, жұмыспен қамту және жастар кәсіпкерлігі;*
- 3. Баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларға қолдау көрсету;*
- 4. Денсаулық және бос уақытты ұйымдастыру.*

#### **1. САПАЛЫ ЖӘНЕ КОЛЖЕТИМДІ БІЛІМ**

Білім беру «Қазақстан - 2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылды. Халықаралық тәжірибе адам

капиталына, атап айтқанда білімге, ерте балалық шақтан ересек жасқа дейінгі инвестициялардың экономикаға және жалпы қоғамның дамуына айтарлықтай пайда әкелетіні сөзсіз.

Осылайша, еуропалық сарапшылардың пікірінше, білім беруді дамытудың стратегиялық бағдарламаларын 10 жылдан астам уақытқа тиімді іске асыру елдің жалпы ішкі өнімін шамамен 5%-ға арттырады, ал жалпы білімге салынған инвестициялар әр оқу жылына 5-15% қосымша кірісті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, PISA орташа мәнінен 5 ұпай жинаған ел еңбек өнімділігін 2,5%-ға, жан басына шаққандағы ЖІӨ - 1,5% -ға арттырады.

Бағдарлама Елордадағы зияткерлік дарынды жастарды анықтауға және қолдауға, жастардың бастамалары мен жобаларын қолдауға, білім беру ұйымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтуға, іс-шаралар, байқаулар және басқа жобаларға ерекше назар аударады.

#### **Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдары:**

- Жаңа Оқушылар сарайын салу және ашу;
- Қосымша білім беруді дамыту;
- 2021-2023 жылдар аралығында жоғары оқу орындарына (білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында) 2 142 білім грантын бөлу;
- Жұмыс берушілерді тарта отырып, WorldSkills, JuniorSkills, DeafSkills аймақтық және ұлттық чемпионаттарына қатысу үшін құзыреттер санын (3 жыл ішінде 38-ке дейін) арттыру;
- Техникалық және кәсіптік білімі бар мемлекеттік білім беру тапсырыстарының 3 жыл ішінде 10 806 грантқа дейін ұлғату.
- «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 жылға 3150 кадр даярлау;
- Мемлекеттік ТЖКБ ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайтын ұйымдардың үлесін 45-тен 60% -ға дейін арттыру;
- Дуальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесін 18-ден 25% -ға дейін арттыру;
- Кәсіпорындар-жұмыс берушілер мен колледждер арасындағы дуальды оқытуға арналған келісімшарттардың санын 262-ден 298 келісімшартқа дейін көбейту;
- Оқу бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналасқан колледж түлектерінің үлесін кем дегенде 70% арттыру;
- «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының қозғалысына қатысатын колледж студенттерінің саны 3 жыл ішінде 1160-тан 2330 жасөспірімге дейін ұлғайту;
- Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен оқушылар арасындағы ғылыми жобаларға қатысатын Нұр-Сұлтан қаласының жүлдегерлерінің үлесін 54-тен 67% -ға дейін арттыру;

- Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізген жас мамандардың 70-тен 150 адамға дейін өсуіне үлес қосу;
- Жастар жасаған және жүзеге асыратын инновациялық жобалар санының 25-тен 50-ге дейін өсуіне ықпал ету;
- Білім беру ұйымдарындағы материалдық-техникалық базаны және цифрлық инфрақұрылымды нығайту;
- Интернеттің жылдамдығын арттыру, компьютерлерді, Wi-fi желілерін және т.б. жабдықтау арқылы мектептердегі ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын жақсарту;
- Интернет-білім беруді, олимпиадаларға, ҰБТ-ға, дипломға, ғылыми жұмыстарға дайындықты дамыта отырып, ақпараттық технологиялардың жаңа жетістіктерін оқу үдерісіне енгізуге ықпал ету;
- Білім беру ұйымдарында STEAM оқытуды дамыту;
- Жалпы білім беретін мектептерге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің сәтті тәжірибесін енгізу.

## **2. КӘСІПТІК БАҒДАР, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ**

Әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, Елорда жастарының 46,5% жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себебі жастар арасындағы жұмыс тәжірибесінің болмауы деп есептейді, 25,5% мәселе жұмыс берушілердің шамадан тыс сұраныстарында деп санайды. Шынында да қызметкерлерін алғашқы оқытуға және жұмысты игеруін тездетуіне қаражат салуға дайын жұмыс берушілердің саны өте аз.

Сонымен қатар, 22% жастар игерген мамандықтарына еңбек нарығында сұраныстың жоқтығынан жұмыс таба алмаймыз деп санайды. Бұл, біріншіден, оқушылардың өздері мен ата-аналарының мамандықты дұрыс таңдамауымен, екіншіден, көптеген мамандықтардың сұранысқа тез ескіруімен байланысты.

Аталған мәселені шешудің бірі 9-11 сынып оқушылары арасында еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарын танымал ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Сондай-ақ кәсіпорындарына жас мамандарды тарту үшін олармен жұмысты жандандыру және барлық мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жүйелі жұмыстарды жүргізу қажет.

Еліміздің экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайында еңбек нарығы әмбебап құзыреттер жиынтығы, белсенді азаматтық ұстанымы, тұлғааралық дағдылар мен жүйелік ойлау қабілеті бар кадрларды қажет етеді.

Осыған байланысты, халықаралық стандарттарға сәйкес, жаңа форматтағы сұранысқа ие мамандықтардың шеберханалары мен зертханалары бар Құзыреттілік орталықтары құрылатын болады. Құзыреттілік орталықтары тек өз студенттерін ғана емес, сонымен басқа да колледждердің студенттерін, өндірістік оқыту шеберлерін, сондай-ақ нарықтағы кәсіпорындардың жұмысшыларын оқыту алаңына айналады.

### **Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдары:**

- «Жаңа мамандықтар атласын» жүзеге асыру;
- Өтініш білдіргендердің ішінен 9000 жасты тұрақты жұмысқа орналастыру;
- Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша 1500 түлекті жұмысқа орналастыру;
- Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарын дамыту жобалары шеңберінде 3600 жасты жұмыспен қамту, сондай-ақ жалақыны 90% -ға арттыру (2 БЖ + 10 АЕК);
- 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлер үшін гранттар көлемін 45 миллион теңгеге дейін арттыру;
- Жастар практикасы бағдарламасына қатысатын жұмыспен қамтылған жастар санының 30% -дан 50%-ға дейін өсіру;
- Қала экономикасында сұранысқа ие мамандықтарды анықтау үшін еңбек нарығына мұқият зерттеу жүргізу;
- Қаланың өндірістік кәсіпорындары мен ұйымдары базасында ЖОО мен ТЖКБ түлектерінің өндірістік практикасын, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру;
- Техникалық және кәсіптік білім беруді танымал ету, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып кеңінен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;
- Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған түлектердің жұмыспен қамтылуына зейнетақы жарналары арқылы тұрақты мониторинг жүргізу;
- Өмірлік қиын жағдайға тап болған жастар тобына жұмысқа орналасуға көмек көрсету;
- «Атамекен» ҰКП мен бірге мобильді кәсіпкерлікті қолдау орталықтары форматында кеңес беру және ақпараттық көмек көрсету (базарлар мен сауда орталықтарында);
- «Атамекен» ҰКП мен бірлесіп кәсіпкерлік мәселелері бойынша тәжірибе алмасу, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың прогрессивті технологияларын қолдануды кеңейту және кәсіпкерлікті дамытудың перспективалық бағыттарын дамыту мақсатында семинарлар, кездесулер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конгресстер, байқаулар сияқты қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

### **3. БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

2019 жылы жүргізілген зерттеуге сәйкес, Елорданың жас тұрғындары тұрғын үй мәселесінің ауырлығын 5-тен 2,9 баллға бағалайды, бұл тұрғын үй мәселесінің толық шешілмегенін және қол жетімсіздігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері жастардың 16,3% жеке тұрғын үйінің бар екенін, әрбір төртінші жас жалдамалы пәтерде тұратынын, 6,1% бөлме жалдайтынын немесе жатақханада тұратынын, 53,6% немесе әрбір екінші жас ата-анасымен немесе туыстарымен бірге тұратынын көрсетеді.

Сауалнамаға жауап берген әрбір үшінші жас жалдау бағасының қымбаттығына шағымданады (1 бөлмелі пәтердің орташа жалдау ақысы айына 95000 теңгені құрайды), бестен бір бөлігі өзінің жеке үйінің жоқтығына наразы.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың **«Жастар жылында» берген тапсырмасы аясында «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз тұрғын үйді жалға беру»** тұрғын үй бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

5 жылға жалға берілетін бұл бағдарламаға жиырма тоғыз жасқа толмаған, жалпы білім беретін мектептердің және (немесе) техникалық және кәсіптік және (немесе) орта білімнен кейінгі және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және еңбек қызметін жүзеге асырып жүрген Қазақстан Республикасының жұмыс істеп жүрген азаматтары қатыса алады.

Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй жұмыс істейтін жастарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 маусымдағы №372 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасында белгіленген талаптарға сәйкес беріледі.

2020 жылғы жағдай бойынша Елордада 16 жоғары оқу орны бар (ұлттық - 3, жекеменшік – 11, шетелдік ЖОО филиалдары – 1, білім берудің дербес ұйымы – 1), ЖОО балансында 39 жатақхана мен 4 хостел бар, онда 15 046 студент тұрады.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласындағы 10 университет (235-тен 5000 орынға дейін) студенттер жатақханасында орындарға мұқтаж. Жалпы қажеттілік - 18 401 орынды құрайды.

#### **Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдары:**

- «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз тұрғын үйді жалға беру» тұрғын үй бағдарламасы аясында 1000 пәтер бөлу;
- 35 жасқа дейінгі азаматтарға жылдық пайыздық мөлшері 5%-бен, несиелеу мерзімі 25 жылға дейін, бастапқы жарнасы 10% төлеммен 600 пәтерге арналған «Elorda Zhastary» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын енгізу жоспарлануда;
  - Студенттер жатақханаларын салу үшін 19 гектар көлемінде жер бөлу;
  - Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға пәтер бөлуге арналған 20% квотаға қол жеткізу;
  - «ОТБАСЫ - БАҒЫТ МЕКЕНІ» неке және отбасы институтын нығайту бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;
  - Жас отбасыларға тұрғын үй мәселелерін шешуге көмек көрсету;
  - Мемлекеттік органдар өкілдерінің, соның ішінде мәслихат депутаттарымен, Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық кеңесі, «Даму» қоры, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, «Атамекен» ҰҚП, халыққа қызмет көрсету орталығы және т.б. жастармен кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;

- Жастар арасында отбасы мен некеге қатысты жауапкершілікті қалыптастыру;
- Дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттау.

#### **4. ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Қазіргі таңда жастардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысу процесі өте маңызды. Дамыған қалаларда жастар қоғамдық өмірдің белсенді қатысушылары болып табылады.

Қоғамдағы қордаланған мәселелерді шешу үшін ортақ мүдделермен біріктірілген жастардың әлеуметтік белсенділігі – Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Еуропада көптеген мәселелер мен шешімдер халықтың, соның ішінде жастардың белсенді қатысуымен қабылданады.

Жастар ұйымдарының дамыту мен қолдау қаланың өзекті мәселелерін шешуге жаңа серпін береді, сонымен қатар қала жастарының әлеуметтік және интеллектуалды прогресіне ықпал етеді.

Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру қажеттілігі маңызды міндеттің бірі.

Соңғы жылдары Қазақстанда волонтерлар қозғалысы белсенді түрде дамып келеді. Волонтерлар қызметінің мәртебесі, мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, іске асыру механизмдері, нысандары мен түрлері «Волонтерлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Салауатты өмір салтын белсенді және дәйекті түрде насихаттау, жастарды спортқа баулу үшін жағдай жасау да маңызды бағыттар қатарында. Жастар арасында өз денсаулығы үшін жауапкершілік қағидатын жетілдіру қажет.

Сондай-ақ, Елорда дені сау жастардың қаласына айналуы керек. Қалада, бүкіл Қазақстандағыдай, дамыған елдермен салыстырғанда дәстүрлі түрде халықтың өз денсаулығына деген жауапкершілік көзқарасы төмен.

Біздің қаладағы жастардың денсаулығына темекі шегудің кеңінен таралуы, оның ішінде темекі қоспалары, алкоголь мен есірткіні қолдану, семіздік, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың таралуы, туберкулез, суицидтік мінез-құлық пен аяқталған суицидтердің таралуы жатады. Репродуктивті денсаулық мәселелері өте өзекті болып саналады, өйткені жасанды түсік жасатулардың көп таралуы, жүктілікті жоспарлау бойынша білімнің жеткіліксіздігі жастардың денсаулығы мен репродуктивті қабілеттеріне қауіп төндіреді.

#### **Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдары:**

- «Жастар» сарайының ашылуы;
- 15 жаңа аула клубтарының ашылуы;
- 4 спорттық-сауықтыру орталығын (ФОК) ашу;
- Тегін коворкинг орталығын ашу;
- 6 жаңа жастар денсаулық орталығын ашу;
- Жыл сайынғы «жазғы жастар лагерін» өткізу;

- Спорт шеберлеріне ай сайынғы материалдық төлемдердің 100 АЕК-ке дейін өсіру;
- 3 жаңа кітапхананың ашылуы;
- 14-29 жас аралығындағы жастарға спорт нысандарына бару кезінде 50% жеңілдіктер беру;
- 100 мың әйелге шаққанда 15-29 жас аралығындағы әйелдер арасындағы жасанды түсік жасату жиілігін 14-ке дейін төмендету;
- 14-тен 29 жасқа дейінгі тұрғындардың мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қанағаттану деңгейінің 78% жетуі;
- Жастар арасындағы қылмысты азайту;
- Дарынды жастарды қолдау (зияткерлік, шығармашылық, инновациялық, ғылыми жобалар және т.б.);
- Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында кем дегенде 10 жобаны жүзеге асыру;
- Нұр-Сұлтан қаласындағы өкілді органдарындағы жастарға арналған 20% квотаны қамтамасыз ету;
- Қоғамдық бастамаларға ат салысатын 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың және жастар ұйымдарының үлесін қаладағы жалпы санынан 25% дейін қамту;
- Жастар арасындағы суицидті азайту бойынша іс-шараларды өткізу;
- Қалалық бұқаралық спорттық шараларға жастарды кеңінен тарту;
- Бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық ғимараттардың қолжетімдігін қамтамасыз ету;
- Жастардың баруына ыңғайлы жерлерде (жастардың жаппай жиналатын орындарының маңында) спорт алаңдарының, Workout-алаңдарының санының көбейту;
- Әлеуметтік желілер мен медиа ресурстар арқылы Елорданың көрікті жерлерін насихаттау;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестің отырыстарын сапалы өткізу;
- Белсенді жастар ҮЕҰ санын арттыру;
- Жұмыспен қамтылмаған және қалаға жаңадан қоныс аударған жастарды әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- Жастардың экологиялық «сенбіліктерін» өткізу;
- Волонтерлар корпусын дамытуға қолдау көрсету;
- Қайырымдылық шараларындағы жастардың белсенділігін көтеру;
- Қоғамдағы кішігірім құқық бұзушылықтарға жастар арасында «нөлдік» төзімділік қағидаларын енгізу.



**Жауапты мемлекетті органдар мен Бағдарламаны жүзеге асыруды қоса орындаушылар бойынша аббревиатураларды түсіндіру:**

ЖОО – Жоғары оқу орындары;

ПД – Нұр-Сұлтан қаласының Полиция Департаменті;

«Астана жастары» КММ – Нұр-Сұлтан қаласының «Астана жастары»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Тұрғын үй қоры» КММ - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

ДІБ – Нұр-Сұлтан қаласының Дін істер басқармасы

ІСБ – Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы;

ТҮЖТҮИБ – Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы;

ЖҚжӘҚБ – Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы;

МБ – Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы;

ББ – Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы;

ДСБ – Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;

ЖСМБ – Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы;

ҚБ – Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы

СЖДШБ – Нұр-Сұлтан қаласының Спорт және дене шынықтыру басқармасы;

МЖС – Мемлекеттік жастар саясаты.